

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылдың 15 маусымындағы № 5/17 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 4/18 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылдың 15 маусымындағы № 5/17 шешіміне (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде № 157216 ресми жариялған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихатының төраймы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы мәслихатының

2023 жылғы 07 маусымдағы

№ 4/18 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы мәслихатының

2021 жылғы 15 маусымдағы

№ 5/17 шешімімен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 болып тіркелді), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді.

## 2. Осы регламентте қолданылатын негізгі ұфымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында (бұдан әрі – ауылдық округі) тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге қатысуы;

3) жергілікті маңызы бар мәселелер – реттелуі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – заң) және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілермен қамтамасыз етуге байланысты құқықтары мен занды ауылдық округі көптілік тұрғындар қызметінің мәселелері;

4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Занда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

5) жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі.

### 3. Жиналыс регламентін аудан мәслихаты бекітеді.

3-1. Жергілікті қоғамдастық жиналысының құрамын жергілікті қоғамдастық жиыны төрт жыл мерзімге айқындайды және жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген кандидаттар қатарынан құрылады.

Бұл ретте, жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің (бұдан әрі – жиналыс мүшелері) саны аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ халқының жалпы санына байланысты айқындалады:

- 1) 10 мың халықта дейін – жиналыстың 5-10 мүшесі;
- 2) 10-15 мың халық – жиналыстың 11-15 мүшесі;
- 3) 15-20 мың халық – жиналыстың 16-20 мүшесі;
- 4) 20 мыңдан астам халық – жиналыстың 21-25 мүшесі.

3-2. Жергілікті қоғамдастық жиналысының құрамын қалыптастыру кезінде бөлек жиындар өкілдерінің саны олардың халқының санына барабар айқындалады.

3-3. Бірнеше елді мекендерден тұратын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін осы регламенттің 3-2-тармағының ережелерін ескере отырып, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары жіберген әрбір елді мекеннен кемінде бір өкіл қамтамасыз етіледі.

## **2. Жергілікті қоғамдастық жиналышына шақыруды жүргізу тәртібі**

4. Жиналыш саласынан шақыруды жүргізу тәртібі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауылдық округ бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемде қаражат бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда, ауылдық округ бюджетін түзетуді келісу;

ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ аппаратының шешімдерін келісу;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округ коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (кушін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқаруши органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін,

азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелерін талқылау.

5. Жиналысты ауылдық округ әкімдері дербес не жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады және өткізіледі.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, әкімге еркін нысанда жазбаша өтініш жасайды.

Әкім үш жұмыс құні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

6. Заңның 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады..

7. Жиналысты шақыру алдында әкім аппараты жиналысқа қатысушы мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін әкім немесе жиналысты шақыру басталғаннан бұрын ол уәкілеттік берген адам жариялайды және жиналыстың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналысты шақыру оған жиналыс мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жиналысты шақыруды әкім немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналысты шақыруды жүргізу үшін жиналыстың тіркелген мүшелері арасынан қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру жолымен жиналыстың төрағасы мен хатшысы сайланады.

9. Жиналыстың күн тәртібін ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыс мүшелері, ауылдық округ әкімі енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыстарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналысты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертуі мүмкін.

Жиналысты шақырудың күн тәртібін жиналыс бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған жиналыс мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

10. Жиналысты шақыруға олардың мәселелері онда қаралатын аудан мәслихатының депутаттары, ауданының әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ жиналысты шақыруға бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыстың мүшелері болып табылмайды және шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

11. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқындаиды. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі жиналыс мүшелерінің сауларды, түсіндіру және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде қойылады. Жазбаша сұрақтар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады.

Жиналыстың соңында жиналыстың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз болмайды.

### **3. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімдер қабылдау тәртібі**

12. Жиналыс өз өкілеттігі шенберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысуышылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы

жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналышының хаттамасына жиналыштың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде аудан мәслихатының қарауына беріледі.

13. Жиналыш қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

14. Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындаі келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрган әкім шешеді.

Ауылдық округ әкімі екі жұмыс күні ішінде жергілікті қоғамдастық жиналышы келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылағаннан кейін аудан әкімі мен аудан мәслихатының атына жергілікті қоғамдастық жиналышының хаттамасын жолдайды.

Аудан әкімі Заңның 11-бабында көзделген тәртіппен ауылдық округ әкімі мен жергілікті қоғамдастық жиналышының арасында келіспеушілік тудырған мәселелерді алдын ала талқылап, оны аудан мәслихатының таяудағы отырысында шешкеннен кейін бес жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

15. Ауылдық округі әкімнің жиналыш шешімдерін қарау нәтижелерін бес жұмыс күн ішінде жиналыштың мүшелеріне жеткізеді.

16. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналышты шақыруда қабылданған әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

17. Жиналышты шақыруда қабылданған шешімдерді ауылдық округі әкімнің аппараты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратады.

#### **4. Жергілікті қоғамдыстық жиналышы шешімдерінің орындалуын бақылау**

18. Жиналышта жүйелі түрде жиналыштың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттары тындалады.

19. Шешімдерді орындаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыштың төрағасы аудан әкіміне немесе жиналыштың шешімін орындауға жауапты лауазымды адамның жоғары тұрган басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыш ауданының әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары тұрган басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК